апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# Приозёрский Вестник

№ 08/496
24 февраля 2017 года
газета издается с 26.06.2004 года

*Жолдау айқын жол нұсқады*

## ЖЕТІСТІК ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ



Тәуелсіздіктің әр күні әрбір азаматтан үлкен жауапкершілікті, өз саласы бойынша атқаратын қажырлы да табанды еңбегін талап етеді. Тарих үшін 25 жыл аз ғана уақыт болғанымен, осы жылдар ішінде Қазақстан зор жетістіктерге жетті. Жетістіктердің нақты мысалы мен тізімін санамалай берсең, өте көп. Ең бастысы, сол жетістік елдің игілігіне айналып отыр. Ал ол жетістіктерге жету жолында Президент Н.Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі халыққа Жолдауының алатын маңызы зор. Әр Жолдауда ел өміріндегі маңызды шаруаларға нақты бағыт беріліп, болашақ жоспардың атқарылу жолдары көрсетіледі. Биылғы Жолдаудың ерекшелігі сол, ел дамуындағы жақсы істерді еселей түсуге, жаңа заман, жаңа уақыт талабына сай әрекет етуге айқын жол нұсқады. Жолдауда жаңа технологияларды меңгеру, халықтың игілігіне жарату мәселесі егжей-тегжейлі айтылған. Қарап тұрсаңыз, қазір дүние жүзі технологиялық дамудың жаңа әрі жедел қарқынына көшкен. Қазақстан да сол технологиялық жаңалықтан сырт қалмай, өрге бастар өркениетті көштен орын алуы міндет. Ол – жастарға, келер ұрпаққа керек нәрсе. Одан бөлек, Жолдауда халықтың тұрмысын жақсартуға, әлеуетін көтеруге қатыстыда нақты дүниелер айтылыпты. Халықтың тұрмысы, әлеуметтік жағдайы, бала-шағаның қамы деген қай заманда да маңызды мәселе болған ғой. Сондықтан, Жолдауда халық тұрмысын одан әрі жақсартудың амалдары анық көрсетілгені көңіл қуантады. Президент белгілеп берген басымдықтарда айтылған дүниелерге біз де өз үлесімізді қосамыз. Біздің қосар үлесіміз, ол – бүгінгі көрерменнің танымы мен талғамына жауап беретін жаңа спектакльдер қою, театрдың репертуарын байыту, шығармашылық ұжымының жан-жақты толысып, өсуі, сапалы жұмыс. Сол арқылы елдің өнерін шет елге шығарып, өзге елдерге көрсету, насихаттау. Мемлекеттің бағыт-бағдарын айқындап, оны халыққа жеткізіп отыру – Президенттің міндеті. Сондықтан, ел мен жердің жаңа заман көшіне ілесіп, уақыт талабына сай дамуы үшін жасалған Жолдау талаптарын орындау жолында келешектен үміті мен мақсаты бар адамның ешқайсысы тысқары қалмауы тиіс.

**Асанәлі ӘШІМОВ,**
*КСРО халық әртісі, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі*

*Дереккөз: https://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/02/22022017-web.pdf*

*Елбасы Жолдауы – халықтың қолдауы*

## ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

2017 жылдың 12 ақпанында Приозерск қаласының балалар және жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында ҚР Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған Жолдауын талқылау мақсатында ҮЕҰ мен этномәдени орталықтарының қатысуымен кездесу өткізілді. Әр қатысушы өз ойын ашық, еркін жеткізе білді. Бірінің ойын бірі құптап, қызу да тартысты әңгіме-сұхбат болып өтті.



Кездесу барысында баяндаушы С.Попченкоға «Ардагерлер Кеңесінің» тарапынан білім са-ласына және жаңа технология енгізуге қатысты бір-неше сұрақтар қойылып, қанағаттанарлықтай жауап алды.

**П. Кенжебекова,**
*Приозерск қаласының ҮЕҰ мүшесі*

*Обсуждая Послание*

## В ЕДИНСТВЕ ЦЕЛЕЙ И СТРЕМЛЕНИЙ

**Переход на цифровые технологии может стать для нас реальным ускорителем гуманного экономического роста, считает народный писатель Казахстана, дипломат, лидер международного антиядерного движения «Невада – Семей», президент фонда «Культура» Олжас Сулейменов. Наша беседа посвящена тем стратегическим задачам, которые поставил перед страной Глава государства.**



**–Олжас Омарович, какие чувства и мысли вызвало у Вас очередное Послание Главы государства народу Казахстана?**

–«В мире началась очередная, уже Четвертая промышленная революция. Повсеместная цифровизация экономики приведет к исчезновению целых отраслей и созданию принципиально новых», – говорится в Послании. В ответ на этот вызов времени наша страна начинает Третью модернизацию Казахстана, которая, по словам Нурсултана Назарбаева, станет не борьбой с текущими глобальными проблемами, а надежным мостом в будущее, навстречу целям Стратегии-2050.

Хотелось бы отметить, что Послание прозвучало практически одновременно с программой конституционных реформ по распределению части президентских полномочий между Правительством и Парламентом. К этому же пакету решений Президента следует отнести серию кадровых перестановок.

Высока реакция общества на раунд борьбы государства с коррупцией, который подсказывает добавить к пяти приоритетам Плана нации еще один – победить коррупцию! Эта ржавчина давно и серьезно мешает работать всем государственным механизмам. Воплощение самых благих идей власти с поразительной последовательностью тормозится коррупцией, начиная с первого этапа обновления.

Призывы наращивать свое производство звучат постоянно. Но и молчаливое сопротивление «наращиванию» не уменьшается. На днях опять реорганизовано Министерство здравоохранения и социального развития. Президент резко раскритиковал госкомпанию «Фармация» за то, что не развивается производство собственных лекарственных препаратов. Вы только представьте: 88% лекарств закупается за рубежом – в Америке, Германии, Индии, Корее – более 3 тысяч наименований!

К «Неваде – Семей» уже несколько лет обращаются серьезные казахстанские компании, владеющие патентами, технологиями, доверием банков, готовые создавать в Казахстане фармацевтические заводы по производству международно проверенных лекарственных препаратов, но они на наш рынок не допускаются. Причина проста: «закупщикам» придется отказаться от выгодного импорта.

Официальная роль Минздрава в процессе организации собственного производства такова: министерство подписывает меморандум, что этот медицинский товар будет востребован на нашем внутреннем рынке. Без такой бумаги банки не выдают кредит компании-фармацевту. Но получить документ практически невозможно. Об этом мне говорили руководители ряда компаний, которые обращались в самые высокие кабинеты. Минздрав получал обращение и привычно отписывался. И все. А ведь за эти годы наши отечественные заводы могли бы уже выпускать современные лекарства, в том числе против диабета и онкологии. И таких примеров в каждой отрасли наберется немало.

Я однажды прошел по промтоварным магазинам Астаны. Полдня потратил. Хотел, чтобы мне показали какой-нибудь товар с лейблом «Сделано в Казахстане».

**– Удалось найти?**

– Не нашел! Да и в продовольственных магазинах мало казахстанского. И тогда я предложил товарищам не пожалеть времени и составить многостраничную таблицу. В первой половине страницы – название продукта, закупаемого за рубежом, например, «лекарства». Вторая половина страницы поделена на колонки. В первой – сколько в процентах мы сами производим (скажем, тех же лекарств 12%), во второй – сколько закупаем (88%). Причем, по возможности, в таблицу поместить все названия импортных товаров: бензин, газ, кукуруза, яблоки, обувь, машины, оборудование, ткани и так далее. В первой колонке цифры оказались небольшие, а во второй – «закупочной» – во много раз больше.

Больше производить отечественных товаров высокого качества, чтобы они могли конкурировать с импортными – один из главных принципов рыночной экономики. Но судя по той таблице, что у нас получилась, мы еще далеки от настоящего рынка. И во многом из-за коррупции, мешающей развитию собственного производства. Вот если такую итоговую таблицу повесить в офисах партий и общественных движений, если она появится в кабинетах министров, акимов, то, уверен, она станет одним из главных наглядных пособий в деле борьбы с коррупцией. Мы будем видеть позиции, где чиновники систематически обманывают государство. А лет через пять сделать еще одну такую же таблицу, обновленную, и если мы увидим, что цифры поменялись (то есть 88% производим, а 12% еще покупается), то, значит, Третья модернизация состоялась.

**– Президентом поставлена задача к 2050 году войти в число самых развитых стран. Олжас Омарович, Вы долгое время представляли Казахстан за рубежом в качестве посла в Италии, Греции, работали во Франции, побывали в самых разных странах. Как Вы считаете, какие критерии сегодня определяют понятие «развитое государство»?**

–А какими они будут к 2050-му? Прежде всего хочу сказать: даже в эпоху планового хозяйства мы так далеко не планировали. Ведь процесс обновления может воздействовать на наше общество поверхностно, а может, и глубоко. Дело в том, что время столь продолжительное (33 года) потребуется не только для модернизации технологий, но и

*(окончание на стр.2)*

*Реализация Плана нации «100 конкретных шагов»*

# УНИКАЛЬНОЕ ЦИФРОВОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ «КАЗАХСТАН – СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

**20 июня 2016 года Министр иностранных дел РК Ерлан Идрисов в рамках отчетной встречи с населением представил новый уникальный продукт в области цифровых технологий – цифровое приложение «Казахстан – Страна Великой степи», сообщает пресс-служба МИД РК.**




Презентуя приложение, Е.Идрисов отметил, что оно является предметом особой гордости Министерства иностранных дел РК и значительным вкладом в реализацию 87-го «шага» Плана нации «100 конкретных шагов» в рамках Пяти институциональных реформ. «Приложение «Казахстан – Страна Великой степи» разработано для того, чтобы ярко и доступно представить информацию о нашей стране в современном и интерактивном формате», - подчеркнул он.

По словам министра, «это один из первых продуктов в области цифровых технологий, который содержит собранную в едином месте уникальную информацию о Казахстане». При этом многие фотографии и видеоматериалы являются эксклюзивными и ранее нигде не публиковались. Разработчиками была поставлена высокая планка по техническим и художественным требованиям к качеству каждого материала. Приложение предназначено для всех видов устройств на базе систем Windows, Apple, Android (мобильные телефоны, планшеты, ноутбуки, настольные компьютеры). Также создана web-версия в виде интернет-сайта.

К созданию продукта была привлечена большая команда отечественных и зарубежных специалистов из числа журналистов, фотографов, видеооператоров, дизайнеров, программистов – всего 80 человек и 33 государственные и частные организации. Для всех казахстанцев приложение является настоящей цифровой энциклопедией о стране, охватывающей самый широкий набор тем.

Для казахстанских дипломатов приложение будет полезно для использования в информационной и имиджевой работе во время встреч и презентаций, распространения в среде соотечественников и казахской диаспоры за рубежом. Иностранцев особенно заинтересуют материалы о туризме, инвестициях в Казахстан и выставке «ЭКСПО-2017».

Проект реализован на трех языках – казахском, русском и английском. «Мы надеемся, что наше приложение будет востребовано всеми, кто заинтересован в том, чтобы поближе узнать нашу прекрасную страну, а также приблизить ее своим друзьям и знакомым, как иностранцам, так и казахстанцам. Уверен, каждый может открыть для себя через это приложение множество новых и удивительных фактов о Казахстане, как это сделали мы в процессе его разработки», - подчеркнул Е. Идрисов.

Скачать и установить приложение можно в AppStore и Play Market. Для этого в строке поиска необходимо ввести Kazakhstan Land of the Great Steppe. Для использования на персональных компьютерах можно скачать windows-версию приложения на официальном веб-сайте МИД (**www.mfa.gov.kz**), либо воспользоваться режимом он-лайн просмотра в виде веб-версии.

В общей сложности приложение содержит:

68 глав, каждая из которых имеет собственную фотогалерею. В общей сложности более 370 фотографий;

24 видеоролика;

12 объектов в формате 3D;

20 панорамных фотографий (фотографии с обзором в 360˚);

12 интерактивных 3D графиков;

4 интерактивные 3D карты.

**https://www.inalmaty.kz/news/1268054**

*Обсуждая Послание*

# В ЕДИНСТВЕ ЦЕЛЕЙ И СТРЕМЛЕНИЙ

*(окончание. начало на стр.1)*

для избавления новых поколений от наследуемых пережитков патриархального сознания, пережитков психологии, накопленных тысячелетиями кочевников. Как проявят себя потомки кочевников в условиях урбанизации? «Тридцатка передовых», куда мы стремимся, – это государства потомственных земледельцев.

Давайте посмотрим, кто из «земледельцев» за столь короткий в общем-то срок выбивался в передовые? Миллиардный Китай за три десятка лет (с 1979 года – реформы Дэн Сяопина) стал второй экономикой мира и полуторамиллиардным. Почти догнал США. При этом каждый из 300 миллионов американцев потребляет в 250 раз больше, чем, например, житель Мозамбика, занимающего самую нижнюю строчку в списке развития. И во имя этого США расходуется во множество раз больше природных ресурсов – кислорода, воды, плодородной земли, нефти, газа, металлов… Наших общих ресурсов. Экологи все громче предупреждают, что если человечество не перестанет так интенсивно использовать органические породы – уголь, газ, нефть – оно может не дотянуть до середины века.

**– И где же, по Вашему мнению, выход?**

–Много лет с высоких мировых трибун озвучивается идея инновационного развития, которое должно прийти на смену углеводородам. Судя по приоритетам, заявленным в Послании, – инновационный.

–Как отмечено в Послании, Стратегия-2050 будет базироваться на пяти основных приоритетах Плана нации «100 конкретных шагов». Самый первый – ускоренная технологическая модернизация экономики…

–В Первом приоритете выражена, уверен, главная мысль Послания – культивировать новые индустрии, которые создаются с применением цифровых технологий. Президент поручает Правительству разработать отдельную программу «Цифровой Казахстан». Заранее радуюсь за выпускников факультета информатики КазНУ: они будут востребованы. Я думаю, в ближайшие годы дипломированных специалистов «по цифре» у нас будет не меньше, чем юристов, ведь уделять внимание «цифре» нужно будет во всех специальностях. «Цифра» за короткий срок подняла экономику Китая и всей Юго-Восточной Азии.

Уверен, что этот приоритет может стать и для нас реальным ускорителем гуманного экономического роста. «Цифра» придаст импульс развитию традиционных отраслей. Хотя понятно, что Казахстан не откажется от своей нефти и газа: звено «Добыча» всегда будет заметно в формуле нашей экономики.

**–Это и понятно: Казахстан – одна из богатейших геологических территорий мира, поэтому минерально-сырьевая база должна постоянно расширяться. Не случайно в Послании говорится о необходимости активизации геологоразведки.**

– Этот пункт меня особо интересует, ведь по первой специальности я – геолог. К сожалению, в прошедшие четверть века работы по поиску новых месторождений оказались свернуты. В свое время я окончил геологическое отделение геолого-географического факультета КазГУ. Теперь в КазНУ функционирует географический факультет. Без геологии. В Политехническом есть геологический факультет, но там готовят только прикладников – специалистов добычи, а не поиска. Научная геология осталась в прошлом. А без нее недра не открываются. Голос казахстанских геологов, начиная с Сатпаева, слышен был в мировой науке. На этапе Третьей модернизации, надеюсь, будет восстановлен естественный ход развития геологической науки в Казахстане.

**–Какие еще положения Послания Вам запомнились?**

– Я бы остановился на многих, но выделю сферу агропромышленного комплекса. Давно дружу с Казахским национальным аграрным университетом, часто встречаюсь с его преподавателями, студентами. В этом университете более десяти лет работает Институт гуманитарного воспитания, в котором будущие аграрии приобщаются к ценностям мировой культуры. Я в курсе некоторых программ обеспечения продовольственной безопасности мира. Знаю, что наш Минсельхоз разработал Госпрограмму развития АПК на 2017–2021 годы, в которой важнейшей главой может стать внедрение Закона о сельскохозяйственных кооперативах, принятый Мажилисом. Отказавшись от плановой экономики и социализма, мы вслед за Россией отказались и от института коллективных хозяйств (колхозов). Вместе с мутной водой выплеснули и то, что требует восстановления.

В Послании порадовали строки: «В течение 5 лет нужно создать все условия для объединения более 500 тысяч домашних хозяйств и малых фермерств в кооперативы». Наши просторы и число жителей располагают к различным формам хозяйствования – фермерству, даже латифундиям. Пора допускать и поощрять коллективное хозяйствование, то есть кооперативы. Это и есть современный подход, учитывающий все сложности времени.

Сегодня КазНАУ уже не только учебное заведение, готовящее специалистов для села, но и научно-исследовательское учреждение, разрабатывающее инновационные технологии в АПК. Здесь работает линейка «образование – наука – производство». Но я задаюсь постоянно вопросом: сколько же выпускников в село попадает? Ведь каждый год этот университет и другие вузы в областях выдают дипломы тысячам специалистов. Единицы из них возвращаются в аулы! Остальные устраиваются в городах, как могут. Надеюсь, что с появлением кооперативов будет востребована масса агрономов, ветеринаров, механизаторов. Тогда появятся поселки, городки нового типа с дворцами культуры, стадионами, и в вузах восстановится забытая статья «распределение». Хорошее не грех вспомнить…

Завершая разговор, хочу сказать: верю, что меры, озвученные в Послании, позволят добиться подлинного обновления экономики, научиться жить, производя, а не кочуя от нефтяной скважины к рудному карьеру. У нас многое получится благодаря единству многонационального народа Казахстана. Такое единство воспитано было веками совместной жизни и сотрудничества.

Я подчеркиваю – «веками». Потому что слово «единство» в русском языке является калькой казахского ***«бірлік»***. Корень ***«бір»*** – ***«один»*** – использовался русичами в словах ***со-бир-ати*** (***«собирание», «собор», «собрание», «сбор»***). Далее перевод корня: со-бирание, со-один-ение. Вот такое наработанное издревле ***единство – бірлік*** поможет Казахстану осуществить Третью и последующие модернизации.

**http://www.kazpravda.kz/fresh/view/v-edinstve-tselei-i-stremlenii/**

*Мәліметтерді ұсыну тәртібі*

# ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ДЕРЕКҚОРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру үшін **Қазақстанда ҮЕҰ Дерекқоры құрылды** *(түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 желтоқсандағы ҚР Заңымен енгізілді).*

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабы 5-тармағына сәйкес мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, қор, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктері нысанында, сондай-ақ осы Заңның 17-бабында көзделмеген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға **жыл сайын 31 наурызға** дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы мәліметтерді ұсынады.

ҮЕҰ өзінің қызметі туралы мәліметтерді беру тәртібі «Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі - Қағидалар) 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен реттеледі.

Үкіметтік емес ұйымдар өзінің қызметі туралы мәліметтерді Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне (ДІАҚМ) Қағидаларға қосымша берілген нысанға сәйкес (МСМ-нің 19.02.2016 ж. № 51 бұйрығы) қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын есептік мерзімнен кейін әр жылдың 31 наурызына дейі :

**-2017 жылғы 1 наурызға дейін** қағаз және электрондық түрде (Word форматында CD-дисктерде немесе USB-флэш-жинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады;

**- 2017 жылғы 1 наурыздан бастап** ҮЕҰ-ның мәліметтерді Дерекқордың **http://infonpo.kz** интернет-порталы арқылы беруге мүмкіндігі болады. Интернет-порталда Халыққа қызмет көрсету орталығынан алынған ЭЦҚ (ЭЦП) кілті арқылы авторизациядан өтуге болады.

ҮЕҰ-дар Дерекқордың **http://infonpo.kz** интернет-порталында порталмен жұмыс істеудің қадамдық алгоритмі берілген **Пайдаланушылар нұсқаулығымен** таныса алады.

**Есептік мерзімі ретінде** Дерекқорға мәліметтерді енгізу жылдың алдындағы күнтізбелік жыл болып саналады.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР Кодексімен ҮЕҰ-мен Дерекқорға мәліметтерді ұсынбауы, уақтылы ұсынбауы, сол сияқты анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсынуы үшін **әкімшілік жауапкершілік қарастырылған** *(489-1-бабы: 1-тармақ бойынша – ескерту жасауға; 2-тармақ бойынша – қайталап жасалған әрекеттер үшін - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не үш ай мерзімге қызметін тоқтата тұруға алып келеді).*

ДІАҚМ-нің ҮЕҰ Дерекқорын қалыптастыруға жауапты бөлімшесі: ***ҚР ДІАҚМ Азаматтық қоғам істері комитетінің Ведомствоаралық үйлестіру басқармасы.***

Қосымша ақпарат алу үшін **8 (7172) 74-04-28, 74-04-47** «жедел желі» телефондарына хабарласу қажет.

Сондай-ақ ҮЕҰ өз сұрақтарын Азаматтық қоғам істері комитетінің **74-04-28@mail.ru** электрондық мекен-жайға жолдай алады.

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді беру жөніндегі **Нысан, Жадынама, Әдістемелік ұсынымдар,** сондай-ақ жиі қойылатын **сұрақтарға жауаптар** ДІАҚМ сайтында **(www.din.gov.kz/rus/pravovaya_baza/prikazy),** облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, Қазақстанның Азаматтық Альянсы сайттарында орналастырылған.

**ДІАҚМ мекен-жайы:** 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.

**Қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі**

*Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек.*

**Н.Ә. Назарбаев**

# ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛДІ ДАМЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды. 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан, осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуіміз керек», -деп Елбасы өз сөзінде білім беру орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмір-ден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзірет-тіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Осындай сәтте еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін мең-герген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз болып отыр. Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау болса, осындай оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ойөрісін дамыту барысында қолданылып жатыр.

Ендігі кезекте осы мақсатта қалалық білім мекемелерінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсам, қалалық мектепке дейінгі білім беру ұйымдары бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының 2015 жылғы 13 қарашадағы №396 бұйрығына сәйкес үш тілде білім беретін Рес-публикалық эксперименттік жоба қатарына қаламыздағы «Балбөбек» балабақшасы енгізілген болатын. Онда 2015-2020 жылдарға арналған дамудың кешенді бағдарламасында өзекті бағыттардың бірі болып үш тіл дамыту қолға алынды. Жалпы алға қойған мақсат ағылшын тіліне ерте жастан (5-6 жас) оқытудың тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. Ол баланың интеллектуалдық, тәрбиелік және рухани әлеуетін жақсартады. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, мектепке дейінгі тәрбиенің жалпы білімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және құрметтеуге үйретеді.

Осы мақсатта «Балбөбек» балабақшасында жоспар құрылып, ағылшын, орыс тілі мамандарымен іс-шаралар, оқу-іс әрекеті ұйымдастырылды. Мектепке дейінгі мекеме әдіскері, тәрбиешілері семинар, курстарға, тәжірибе алмасу са-бақтарына облыс деңгейінде (Абай ауданы, Шахтинск қаласы т.б) қатысып өзара тәжірибе алмасып жатыр. Мектепке дейінгі мекемеде ағылшын тілі пәнінен Абатаева Ф.Ж. Орыс тілі пәнінен Мирзабекова Ж. Т. жұмыс жасап жатыр. Балабақшада өткен әр іс-шараларда үш-тілділік саясатты қолданады. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеленушілердің ата-ана жиналыстарында Үш тілді дамыту бойынша түсіндірме ақпарат беріліп тұрады.




Жалпы білім беретін мекемелерде жыл сайын «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасына сәйкес қазақ, орыс, ағылшын тілі пәндерінің оқытылу сапасына және тіл туралы заңнамалардың орындалуына талдау жүргізу жолға қойылған.

Үш тілде өткен «Тілдарын-2016» республикалық олимпиадасының қалалықтан озып шығып, облыстан 3 орынды иеленген №1 мектептің 10 сынып оқушысы Әлібек Марлен марапатталды.

Жалпы білім беру ұйымдарында сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жастарды сөз өнерін білуге баулу, оларды көшбасшылыққа үйрету мақсатында Тілдерді оқытудың өңірлік орталығы жанынан «Шешендік өнер және тіл мәдениеті» үйірмесі жұмыс жасауда.

Үйірмеге қатысушы оқушыларға дебат ойындары мен семинар сабақтар жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Қала мектептерінде «Үш тілде білім беруді қалай арттырамыз» атты дебат, «Үш тілдік мақал –мәтелдер» жарысы, «Ағылшын тілі мәдениеті өнер кілті» атты дөңгелек үстел отырыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушыларға қазіргі заманға сәйкес көптілді білім беру мақсатында қазақ тілі мен ағылшын тілі пәндерінің пәнаралық байланысын оқыту процесінде жүйелі жүргізу керек деген тұжырымға келдік. Пәнаралық байланыстарды іске асыру оқушылардың біртұтас дүниетанымын қалыптастырады. Ол өз кезегінде білімдерді мәнді, мағыналы және қолдануға болатындай жағдайға жеткізіп отыр. Пәнаралық байланыстар оқушыларға басқа пәндерді оқыған кездегі алған білімдері мен дағдыларын қолдануға көмек-тесетіндігі сөзсіз.

2016 жылғы жаз айларында мектеп оқушыларына арналған «Жазғы тілдік мектеп» құрылды. Мақсаты үш тілді тереңдетіп меңгерту. Жалпы 70 бала оның ішінде №1 орта мектептен -25 бала, №2 мектеп-балабақша кешенінен 45 бала қамтылды. 2016 жылы 20-24 маусым аралығында пәндерді ағылшын тілінде оқытудың «Пән мен тілді кіріктіріп оқыту» тақырыбында Британ Кеңесінің 5 күндік оқыту курсына-3 мұғалім: №1 орта мек-тептен физика пән мұғалімі Шамкенова С.Е, биология пән мұғалімі Артикова Г. З, № 2 орта мектебінің физика пән мұғалімі А. А. Машраповалар қатысты.

Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейе түсері сөзсіз. Олай болса бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деп талап білдіргендерге сәттілік тілейік.

**П. І. Шойбекова,**
***қалалық білім бөлімінің әдіскері***

# ӨЗ ТІЛІҢ БІРЛІК ҮШІН, ӨЗГЕ ТІЛ ТІРЛІК ҮШІН

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін де емес. Бұл жалғыз Қазақстанға ғана емес, жалпы барлық елге, бүкіл мемлекеттерге ортақ шарт екені баршамызға аян. Тәуелсіз елдің ұрпағы өз елінде еркін жүріп, тіршілік жасауы үшін Отан қадірін білуі мақсат.

Бүгінгі заманауи тіршілікке бейімделу үшін болашақ ұрпақты Елбасымыздың: «Мәңгілік Ел- ата-бабаларымыздың сан мың жылдан армандаған асыл арманы. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, үштілділік тәрбие берудің мәселесі туындап отыр. Үштілділік оқыту-жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Үш тілді еркін меңгерген, үш тілде білімін кеңінен қолдана білетін, басқа халықтың мәдениетіне құрметпен қарайтын тұлғаны қалаптастыру- қазіргі заман талабы. Бірнеше тіл білу өзге елдің мәдениетін танудың кілті. Көп тілді меңгерген жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап өз қабілеттерін танытуға мүмкіндік таба алады. Сондықтан да, мектеп жасына дейінгі балаларға тілдерді үйретудің маңызы зор.

Балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Психолог мамандардың зерттеуінше үлкен адамнан гөрі, баланың тіл үйренудегі қабылдау деңгейі жоғары екені анықталған. Балабақшадан тіл үйреніп шыққан бала мектепте қиналмай жалғастыратыны даусыз. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін жас ұрпақ бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Үштілділікті мектепке дейінгі ұйымдардан бастау өте тиімді деп есептеймін. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшының үш тілде білім беруді ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы 2015 жылдың 30 қазанындағы өкімін жүзеге асыру мақсатында «Балбөбек» бөбекжайында 2015-2018 жылдарға арналған үш тілде білім беруді дамытудың жоспары жасалды. Осы жоспар аясында бөбекжайымызда үштілділікті дамыту белгілі бір бағыттар бойынша жүргізіледі. Қазіргі заман талабына сай, инновациялық технологиялармен балабақша педагогтары жан-жақты жұмыс жасайды. Атап айтатын болсақ, «М.Монтессори» және «Құм терапиясы» технологияларын оқу қызметі барысында пайдаланудамыз. Тілдерді үйрету жұмыстары тәрбиешілер, орыс, ағылшын тілі мамандарымен өзара бірлесе оқу жүйесінде және одан тыс мезгілде ойын, театрлық іс-әрекет, ойын-сауық ертегілер, ата-анамен жұмыс барысында қос тілділік компонентті қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл іс-шараларда балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейінін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде ойындар қолданылады.

Ересек топтарда үш тілде амандасуды дәстүрге айналдырған. Балаларға шаттық шеңберіндегі жылы лебіздерін үш тілде жеткізуге үйретіліп келеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінде «Коммуникация», «Әлеумет» білім беру саласындағы күнделікті қатынас құралдары, табиғат құбылыстарындағы қолданылатын сөздер, «Таным» білім беру саласы бойынша сандарды санау, түстерді атау үш тілде үйретіліп айтылады. Бұл тәрбиеленушілеріміздің сөздік қорын кеңейтуге, ой-өрістерінің дамуына зор ықпалын тигізеді.

Үштілділікті меңгерту жобасы бойынша балабақшамызда «Үш тілді меңгеру - жарқын болашақ кепілі» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел, тәрбиешілермен семинар өткізілді. Ата - аналар жиналысында «Мектепке дейінгі оқу мен тәрбие жүйесінде көптілділік білімді енгізу» атты баяндама оқылды. Мұнда ата-аналарға балаларға ерте жастан шет тілдерін үйретудің тиімділігі жөнінде айтылып, ата-аналардың ой-пікірлері тыңдалды. Жоспар бойынша тәрбиеші Көшерова Ұлмекен ересек топ бүлдіршіндерімен «Бәрін білгім келеді» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Мұнда балалар жыл бойы үйренген мәліметтерді қорытындылап, қазақ, орыс, ағылшын алфавиттерін және жеміс-жидектерді қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде атап көрсетті, 10 көлеміндегі сандарды, түстерді, табиғаттағы тіршілік көздерін үш тілде атап берді. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Мырзабекова Жаңыл Тайровна балалардың ойын арқылы тілдерін, есте сақтау қабілеттерін арттырса, ал ағылшын тілі мұғалімі Утешова Зәуре заттардың ағылшынша атауларын атағанда, дұрыс айтылуын қадағалап отырды.

Балабақшада желтоқсан айында «Тілашар» шығармашылық тобы 4-5 жас аралығындағы балалармен мәнерлеп оқу сайысын өткізді. Бұл сайысқа қатысушы әрбір тәрбиеленуші Отан жайында үш тілде өлең жолдарын оқыды. Ерте жастан үш тілге оқыту жұмыстарын жүргізу барысында бірқатар қиындықтарда кездесуде, өйткені тәрбиешілер үш тілде қатар сөйлей алмайды. Егер әдістемелік жүйе, тілдік материалдар нақты нәтижеге бағытталып дұрыс әрі сауатты жасалған болса, әрбір баланың тілді меңгеруге деген қабілеті арта түсер еді. Қазіргі қоғам дамуында, үштілді меңгерген балалар кез келген ортаға оңай бейімделе алатыны анық.

***Білімді ұрпақ – ел болашағы***




Алдағы оқу жылына қойған мақсат-міндеттер көп. Жеке тұлғаны қалыптастыруда дара қабілеттері мен құндылықтарын жетілдіру мақсатында жаңа заман талабына сай инновациялық технологияларды қолдану, әрі қарай дамыту, сонымен қатар үштілділікті дамыту басты назарда болмақ.

Қорыта айтатын болсам, бөбекжайымыздың 2015-2018 жылдарға арналған үш тілді білім беруді дамыту жоспары бойынша іс-шараларымызды одан әрі қарай жетілдіріп, Елбасымыз «Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда ұстаз қауымының атқарар ісі көп, оны парыз деп білуіміз керек. Алдымызда ұлттық құндылықтары бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт бері міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз шарт. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек» деп айтқандай болашақтағы тәрбиелі, білімді, адамгершілігі мол, өз отанын сүйетін, үш тілде еркін сөйлей алатын азаматтарды тәрбиелеу біздің міндетіміз деп білемін.

**Г. Рахаева,**
***«Балбөбек» бөбекжайының директоры***

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2017 жылдың 1 қаңтар жағдайына 1114 адам жұмыспен қамту мәселесі бойынша жүгінді. 824 адам жұмысқа орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға 303 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына - 57 адам, жастар тәжірибесіне - 28 түлек, кәсіби оқытуға - 84 адам жолданды. Жұмыссыздықтан қорғаудың әлеуметтік шаралары бойынша барлығы 1296 адам қамтылды, барлық өтініш жасағандардың есебінен алғанда 116 % құрайды. 2017 жылдың 1 қаңтар жағдайына жұмыссыздар саны 15 адамды құрайды.

2017 жылдың 1 қаңтар жағдайы бойын-ша 14 аз қамтылған отбасы тіркелген немесе 49 адам кедейшілік деңгейінен төмен тұра-тын азаматтар. 2016 жылдың 12 айы ішінде: 14 отбасына – 550,2 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 7 мүгедек балаға – 56,4 мың теңге жәрдемақы, 18 жасқа дейінгі балалары бар 46 отбасына – 1440,0 мың теңге жәрдемақы, 48 отбасына – 1258,0 мың теңге тұрғын үй көмегі төленді.

Азаматтардың жекелеген санаттарына 1350 тұлғаға бюджеттік қаражаттан сомасы **8748,1 мың теңгеге**: құрт ауруы мен онкологиялық ауруларға пакет алуға, мерекелік күндерді атап өтуге, ҰОС қатысушыларына электроэнергия және байланыс төлемдерін төлеуге көмек көрсетілді. Бюджеттік қаражаттан тыс 6767,0 **теңгеден астам** көмек көрсетілді.

**«Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» Бағдарламасын** жүзеге асыру аясын-да 478 адам жұмысқа орналастырылды, әлеуметтік жұмыс орындарына 36 адам, жастар тәжірибесіне 6 түлек жолданды. Мемлекеттік қолдаудың шараларынан басқа жұмысқа орналастырылғандар 381 адам. 187 жұмыс орны құрылды.

Бірінші бағыттың жобаларына: инфрақұрылымды және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша жолданғаны 55 жұмыссыз.

Өз ісін ашуға және дамытуға шағын несиелер 10 адамға сомасы 28,6 мың теңге берілді.

Кадрларды қайта даярлау және қайта оқыту, жұмыс істеп жатқан жастарды кәсіби оқыту, 55 жастан 64 жас аралығындағы адамдарды қайта даярлауға Бағдарламаның 34 қатысушысы жолданды, оның ішінде 31 адам аяқтады.

2012 жылмен 2017 жылдың 1 қаңтары аралығында Достық көшесі, № 7 үйге 24 отбасы қоныстанды, оның ішінде 20 қатысушысы оралман санатынан, ата-анасынан айырылған балалар санатынан – 1 қатысушы және 3 отбасы басқа аймақтардан келгендер.

**А.Ким,**
***ЖҚж/еӘББ басшысы***

# ТРУДОУСТРОЙСТВО И СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ

По состоянию на 01.01.2017 года по вопросам трудоустройства обратилось 1114 человек. Трудоустроено 824 человека, на общественные работы направлено 303 человека, на социальные рабочие места - 57 человек, на молодежную практику – 28 выпускников, на профобучение- 84 человека. Всего мерами социальной защиты от безработицы охвачено 1296 человек, что составляет 116% от общего числа обратившихся. На 01.01.2017 года численность безработных составляет 15 человек.

На 01.01.2017 года на учете состоит 14 малообеспеченных семей или 49 человек, проживающих ниже черты бедности. За 12 месяцев 2016 года выплачено: государственная адресная социальная помощь 14 семьям – 550,2 тыс.тенге, пособия 7 детям-инвалидам - 56,4 тыс.тенге, пособия семьям с детьми в возрасте до 18 лет 46 семьям – 1440,0 тыс.тенге, жилищная помощь 48 семьям – 1258,0 тыс.тенге.

На сумму **8748,1 тыс.тенге** из бюджетных средств оказана помощь отдельным категориям граждан в количестве 1350 лиц: на приобретение пакета туб и онко больным, на праздничные даты, на оплату электроэнергии и связи участникам ВОВ. Из внебюджетных средств оказана помощь на сумму свыше 6767,0 тыс.тенге.

В рамках реализации **Программы «Дорожная карта занятости 2020»** трудоустроено 478 человек, на социальные рабочие места направлено 36 человек, на молодежную практику 6 выпускников. Без мер государственной поддержки трудоустроен 381 человек. Создано 187 рабочих мест.

На проекты первого направления: обеспечение занятости за счет развития инфраструктуры и жилищно-коммунального хозяйства направлено 65 безработных.

Микрокредиты на открытие и расширение собственного дела получили 10 человек на сумму 28,6 млн.тенге.

На профподготовку и переподготовку кадров, профобучение работающей молодежи, профподготовку лиц в возрасте от 55 до 64 лет направлено 34 участника Программы, из них завершил 31 человек.

За период с 2012 года по 01.01.2017 года в дом № 7 по ул.Достык переселено 24 семьи, из них 20 участников из категории оралманов, 1 участник из категории детей – сирот, и 3 семьи переехавших из других регионов.

**А.Ким,**
**Руководитель ОЗиСП**

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІНІҢ 2016 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫ

2016 жылы Приозерск қаласында тұрғын үй объектілерінің құрылысы бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

1.Қалалық бюджет қаражаты есебінен қайта жаңғыртылып жатқан Весенняя көшесіндегі 1 үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (бұдан әрі-ИКИ) құрылысы бойынша жоба-сметалық құжаттамаға түзету аяқталды.

2.Республикалық бюджет есебінен қайта жаңғыртылып жатқан Достық көшесі 29 үйге ИКИ құрылысы жалғастырылды, оған РБ 10 501 мың теңге бөлініп, игерілді. Нысан 2014 жылдан ауысқан. 2014 жылы РБ 17 716 мың теңге бөліп, игерілген. ИКИ аяқтау үшін қосымша 2 926 мың теңге қажет. Қалған аумақты көгалдандыру жұмыстарын 2017 жылы үйді қайта қалпына келтіру жұмыстары біткен соң аяқтауды жоспарлап отырмыз.

3.2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында Приозерск қаласында Панфилов көшесі бойында жеке тұрғын үйлерді қосу үшін ИКИ құрылысы аяқталды, оған ҚР Ұлттық қорынан 96 116 мың тг., ал облыстық бюджеттен 10 649 мың тг. (қоса қаржыландыру) бөлініп, игерілді. Орындаушы - "Асап" ӨК. Объект пайдалануға 28.11.2016 ж. қабылданды.

2017 жылы "2020 жылға дейін өңірлерді дамыту" бағдарламасын іске асыру бойынша жүзеге асырылатын болады:

-2014 жылы басталған Весенняя көшесіндегі № 1 тұрғын үйді қайта жаңғырту (қалпына келтіру) жалғасады - 155 304 мың теңге;

-2014 жылы басталған Достық көшесіндегі № 29 тұрғын үйді қайта жаңғырту (қалпына келтіру) жалғасады - 145 442 мың теңге;

-2014 жылы басталған Достық көшесіндегі 24 пәтерлі №1 тұрғын үйдің құрылысы жалғасады - 90 749 мың теңге;

-2014 жылы басталған Достық көшесіндегі 24 пәтерлі №1 тұрғын үйдің ИКИ құрылысы жалғасады – 4 599 мың теңге;

-2014 жылы басталған Достық көшесіндегі № 29 тұрғын үйдің ИКИ құрылысы жалғасады – 2 921 мың теңге;

-қайта қалпына келтіріліп жатқан Весенняя көшесіндегі № 1 тұрғын үйдің ИКИ құрылысы салынады – 4 599 мың теңге;

-Транспортная және Центральная көшелері бойында салынатын жеке тұрғын үйлерді қосу үшін ИКИ құрылысының жобасметалық құжаттамасын даярлауды аяқтау 3 200 мың теңге;

-Совет Армиясы бульварын абаттандыруға жоба-сметалық құжаттама даярлау 1 518 мың теңге.

**Ж. Есенжолов,**
***Приозерск қаласының құрылыс бөлімінің басшысы***

# ОТЧЕТ ОТДЕЛА СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ЗА 2016 ГОД И ПЛАНАХ НА 2017 ГОД

В 2016 году в городе Приозерск по строительству объектов жилья проводились следующие работы:

1.За счет городского бюджета завершена корректировка ПСД на строительство ИКИ к восстанавливаемому дому по ул. Весенняя, 1.

2.За счет республиканского бюджета проведено продолжение строительства ИКИ к восстанавливаемому дому по ул. Достык, 29, на что из РБ выделено и освоено 10 501 тыс. тг. Объект переходящий с 2014 года. В 2014 году выделено и освоено 17 716 тыс. тг. из РБ. На завершение ИКИ необходимо дополнительно 2 926 тыс. тг. Остались работы по озеленению территории, что планируется провести после завершения строительных работ по реконструкции дома в 2017 году.

3.В рамках реализации госпрограммы инфраструктурного развития «Нурлы жол» на 2015-2019 годы в городе Приозерск завершено строительство ИКИ для подключения ИЖС по ул.Панфилова, на что из Национального фонда РК выделено и освоено 96 116 тыс. тг., из ОБ 10 649 тыс. тг. (софинансирование). Исполнитель - ПК «Асап». Объект принят в эксплуатацию 28.11.2016г.

В 2017 году в рамках реализации программы «Развитие регионов до 2020 года» будет осуществлено:

-продолжение реконструкции (восстановление) жилого дома по ул. Весенняя, 1, начатого в 2014 году – 155 304 тыс. тг.

-продолжение реконструкции (восстановление) жилого дома по ул. Достык, 29 начатого в 2014 году – 145 442 тыс. тг.

-продолжение строительства 24-х квартирного жилого дома по ул. Достык, 1, начатого в 2014 году – 90 749 тыс. тг.

-продолжение строительства ИКИ к 24-х квартирному жилому дому по ул. Достык, 1, начатого в 2014 году – 4 599 тыс. тг.

-продолжение строительства ИКИ к восстанавливаемому жилому дому по ул. Достык, 29, начатого в 2014 году – 2 921 тыс. тг.

-строительство ИКИ к восстанавливаемому жилому дому по ул. Весенняя,1 – 88 225 тыс. тг;

-завершение разработки проектно-сметной документации на строительство ИКИ для подключения ИЖС по ул. Транспортная и Центральная – 3 200 тыс. тг;

-разработка проектно-сметной документации на благоустройство бульвара Советской Армии – 1 518 тыс. тг.

**Ж. Есенжолов,**
***руководитель отдела строительства города Приозёрск***

